



Ақмешіт

25 қазан
сенбі

№81 (2193)

2025 жыл

апталығы

Газет
1994 жылдың 15 сәуірінен
бастап шығады

• Қалалық қоғамдық-саяси әлеуметтік-
ақпараттық тарихи-танымдық газет •
E-mail: akmeshit.kz@mail.ru



БАС РЕДАКТОР БАҒАНЫ

25 қазан ұлттық мереке – Республика күні. Осыдан 35 жыл бұрын, 1990 жылы 25 қазанда егемендік декларациясы қабылданып, дәл осы күн 1995 жылдан бастап Республика күні болып белгіленді. Алайда 2009 жылы тиісті заңға өзгеріс еніп, Республика күні мемлекеттік мерекелер тізімінен алынып қалған еді.

Мәртебелі мереке құтты болсын, Қазақ елі!

2022 жылы Қазақстан Республикасындағы мерекелер туралы» заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізіліп, бұл күнге Республика күні – ұлттық мереке мәртебесі қайта берілді. Ұлытауда өткен ұлттық құрылтайда Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев бұл күннің тәуелсіз қазақ елі үшін маңызы зор екенін атап айтқан еді. «Қазанның жиырма бесі күні жыл сайын Егемендік күнін еліміздің басты мерекесі ретінде атап өтуіміз керек. 1990 жылы 25 қазанда Қазақстанның егемендігі туралы декларация қабылданды. Бұл еліміздің тәуелсіздік жолындағы тұңғыш қадамы болатын. Республика күні елдің мемлекет құру жолындағы тарихи қадамының символы болуы керек», – деді.

Қазақ елі үшін мәртебелі мереке саналатын бұл күннің маңызын әрбір жас ұрпақ түсіну маңызды. Ата-бабамыз арман еткен тәуелсіз қазақ елінде өмір сүріп жатырмыз. Аспанымыз ашық, еліміз тыныш. Қазақ еліне тәуелсіздік сыйлаған осы күннің қадір-қасиетін жас ұрпақ санасына сіңіріп, ұлтқа қызмет етсем деген ұстаным қалыптастыру үлкен мақсаттың бірі. Бұл әрбір қазақтың арманына айналуды тиіс. Мереке қарсаңында Сыр өңіріндегі ғылым мен білімнің қарашанырағы, Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің аға оқытушысы, саяси ғылымдарының кандидаты Шырын Тұхмаровамен пікірлестік. Жастарды інemen құдық қазғандай ғылым жолына баулып жүрген ғалым-ұстаз тәуелсіз елдің ұланына ең алдымен жақсы тәрбие беру маңызды екенін атап айтты.

– Тарихқа айналған жылдарға қарап отырып, сараласақ, тәуелсіз мемлекеттің іргесін қалаған маңызды тарихи құжат қабылданған күннен бастап дербес мемлекет болуға ұмтылған қазақ елі алғашқы жылдардағы экономикалық-саяси қиындықтарға қарамастан алға қарай қадам басты. Бұл – ұлт зиялылары армандап кеткен, ғасырлар бойы арман болған тәуелсіздікке қол жеткізген күн. Республика күні ұлттық мерекесі – қазақ елі үшін айтулы күн. Қазақ елін дүние жүзі танып, әлем картасынан ойып тұрып орын алған күн. Ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұв «ұлым дейтін жұрт болмаса, елім дейтін ұл қайдан болсын» деген екен. Кейінгі буынды егемен елдің қадір-қасиетін сезіндіріп тәрбиелей алсақ, сапалы білім берсек, мемлекетке пайдасын тигізер білікті маман даярласақ аға буынның парызының орындалғаны. Егемен елдің әрбір азаматы қазаққа қалай пайда тигізем деп еңбек етсе, қазақ елінің болашағы жарқын болады. Біз ұлт тәрбиесінде ең алдымен осы ұстанымды естен шығармауымыз қажет, – дейді ол.

Ұлттық мереке күні әрдайым ақын Қаты Данабаевтың «Сен аман бол, Қазақстан» атты өлеңі еріксіз ойға оралады. «Қаңғырып жүрер елім қай бұрышта, Қазақстан бермесе арай маған»... деп жырлайды ақын. Қазақ баласының қай арманын орындауға да кедергі болмаған тәуелсіз қазақ елінің аспаны ашық болғай!

Гүлмира ДІЛДӘБЕКОВА

МАҚСАТЫМЫЗ — БАРШАҒА ТЕҢ МҮМКІНДІК ҰСЫНАТЫН, ӨРКЕНДЕУ ЖОЛЫНДАҒЫ ӘДІЛЕТТІ ҚАЗАҚСТАННЫҢ ІРГЕСІН ҚАЛАУ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Республика күніне арналған салтанатты жиында сөйлеген сөзі

Қымбатты отандастар!
Қадірлі қауым!

Еліміздің ең басты мерекесі – Республика күні құтты болсын! Ұлттық мейрам қарсаңында дәстүрге сай Ақорда төрінде мемлекетіміздің үздік азаматтарымен бірге жиналып отырмыз. Биыл еліміз азаттықтың мерейлі бәйесіне жетті. Осыдан 35 жыл бұрын Қазақстанның Егемендігі туралы декларация қабылданды. Дәл осы күні сан ғасырлық мемлекеттілік дәстүріміз қайта жаңғырды. Көп ұзамай жұртымыз Тәуелсіздік байрағын көтерді. Тарихи әділдік орнап, ұлттың рухы асқақтады. Сондықтан бұл күнді халқымыздың дербес ел болуына жол ашқан қастерлі күн деуге болады.

Тәуелсіздік – бәрінен қымбат құндылығымыз. Оны сақтап, нығайта түсу – баршамызға ортақ қасиетті борыш. Егемендік – ата-бабаларымыздың ұлт мүддесі жолындағы өшпес ерлігінің айқын көрінісі. Заңғар ойшыл Әбіш Кекілбаев «Өткеннен тағылым, ертеңнен үміт іздегендер ғана ілгері баса алады» деген. Біз әр кезеңде ұлт тарихында өшпес із қалдырған барлық мемлекет және қоғам қайраткерлеріне құрмет көрсетеміз, оларды ешқашан ұмытпаймыз. Сонымен бірге келешекке үлкен үмітпен, зор сеніммен қараймыз, биік мақсаттарға ұмтыламыз.

Осы жылдарда еліміздің бағындырған белестері аз емес. Біз жер жүзіне егемен мемлекет ретінде танылды. Шекарамызды шегендеп, іргемізді бекітіп, қауіпсіздігімізді қамтамасыз еттік. Бірлігімізді бекемдеп, татулық пен тұрақтылықтың арқасында түрлі сынақтардан сүрінбей өттік. Бүгінде жаһан жұрты еліміздің өсіп-өркендеп келе жатқанына куә болып, өз құрметін көрсетуде.

Алайда кемшіліксіз, мінсіз жұмыс болмай-тыны анық. Біз өткеннен сабақ алып, ешкімге жалтақтамай, өз жолымызбен жүріп келеміз. Соңғы жылдары халықтың әл-ауқатын арттыру үшін аса маңызды қадамдар жасалды. 2019 жылы ауқымды реформалар қолға алынды. Қазақстан жаңа тұрпатты ел болу жолына түсті. Жалпыхалықтық референдум арқылы Ата заңымызға түзетулер енгізілді. Парламенттің құзыреті кеңейді, Үкіметтің жауапкершілігі артты. Конституциялық сот құрылды. Адам құқықтары жөніндегі уәкіл институты конституциялық мәртебеге ие болды. Биыл шілде айынан бастап Қасасиялық сот жүйесі іске қосылды, бұл қоғамымызда әділеттілікті күшейтуге жағдай жасады.

Әділетті Қазақстанды құру жолында басқа да нақты шаралар қолға алынды. Азаматтарымыз мемлекеттік маңызы бар шешімдер қабылдауға белсенді түрде араласа бастады. Ауыл, аудан және облыстық маңызы бар қала әкімдері тікелей сайланатын болды. Ауыл әкімдерінің барлығы, ал аудан әкімдерінің 25 пайызы жаңарды. Осылайша, билік жүйесі айтарлықтай өзгерді. Елімізде «Күшті Президент – ықпалды Парламент – есеп беретін Үкімет» қағидаты орныға түсті. Ашығын айтсақ, осы аймақтағы билік жүйесінде мұндай ауқымды өзгеріс ешқашан болмаған.

Біз бір ел болып саяси реформаны табысты іске асырып жатырмыз, соның нәтижесі



ретінде қоғамда түбегейлі жаңғыру үдерісі басталды. Реформаларымызды жүзеге асыруға барша адамзат үшін аса қиын, күрделі кезеңде кірістік. Пандемия, алпауыт елдердің санкциялық текетіресі, қалыптасқан сауда жолдарының бұзылуы, түрлі қақтығыстар мен соғыстар әлем елдерінің дамуына орасан зор шығын келтірді. Бұл жағдайлар Қазақстанға да салқыннан тигізді. Дегенмен біз қажетті шараларды дер кезінде қабылдадық. Экономикамыздың әлеуетін сақтай отырып, оны тың серпінмен дамыта түстік. 2019 жылдан бері экономикамыз 16 пайызға өсті, биыл осы көрсеткіш шамамен 137 триллион теңге, яғни 291 миллиард доллар болады деп күтілуде, бұдан да асуы мүмкін. Бұл Қазақстанның біздің аймақтағы ең үлкен экономика екенін көрсетеді. Жан басына шаққанда ішкі жалпы өнім 47 пайызға артып, 14 400 долларға жетті. Бұл – Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы елдері арасындағы ең жоғары көрсеткіштің бірі. Қазақстанның алтын-валюта резервінің көлемі 58 миллиард долларға жетті. Жеті жылда сыртқы сауда айналымы 83 пайызға артып, бүгінде 142 миллиард доллар болды.

Біз ұлттық экономиканы түбегейлі жаңғырту үшін әртараптандыруға баса мән беріп отырмыз. Әсіресе, көлік-тасымал саласын стратегиялық маңызды бағыт ретінде дамытып жатырмыз. Қазақстан Еуразияның басты логистика орталығы, яғни хабы болуы керек. Оған еліміздің әлеуеті жетеді, мүмкіндігіміз де мол. Өткен айда «Достық – Мойынты» теміржолының екінші желісі іске қосылды. Бұл –

егемендік кезеңінде салынған ең ірі теміржол құрылысы.

Сондай-ақ биыл 13 мың шақырым автокөлік жолы салынып, жөнделді. Қытай арқылы ауқымды жүк тасымалдау мүмкіндігіне ие болдық. Қазіргі халықаралық нарықтағы тұрақсыз ахуалды ескерсек, мұны үлкен жетістік деп айтуға болады.

Әуе қатынасы саласындағы табыстарымыз да аз емес. Биыл 36 жаңа әуе рейсі ашылды, олардың ішінде Азия мен Еуропаның ірі қалалары бар. Бірақ бұл жүйені одан әрі дамытуымыз керек. Оның үстіне әуе жолдары арқылы жүк тасымалдау жүйесін де (карго) нығайтуымыз қажет.

Елімізде өндіріс те дамып келеді. Бұл саланың өсімі жыл басынан бері 7,5 пайызға жетті. Шағын және орта бизнестің экономикадағы үлесі 40 пайызға жақындады. Кәсіпкерлер еліміздегі еңбекке қабілетті азаматтардың жартысына жуығын жұмыспен қамтып отыр. Құрылыс саласы қарқынды дамып жатыр. Былтыр Қазақстанда 19 миллион шаршы метрге жуық тұрғын үй салынды. Бұл – Тәуелсіздік жылдарындағы ең жоғары көрсеткіш, нәтижесінде мыңдаған отбасы баспаналы болды. Ауыл шаруашылығы саласындағы жалпы өнім көлемі 2,5 есе өсті. Биыл да қамбамыз астыққа толды, 20 миллион тоннадан астам бидай жиналды. Қазақстанның экспорттық әлеуеті артууда, сауда серіктесі ретіндегі беделі нығаяды.

Қазақстан – Конституция бойынша әлеуметтік мемлекет. Сондықтан біз осы

жауапты, құрметті миссияны міндетті түрде орындаймыз. Әлеуметтік стратегиямыз тиімді, әділетті болуы керек.

«Ұлттық қор – балаларға» бағдарламасын жүзеге асырып жатырмыз. Бұл өскелең ұрпақ үшін жасалған үлкен қадам. Біз озық ойлы ұлт болуымыз керек. Бәсекеге қабілетті ел болу үшін, ең алдымен, білім-ғылымды дамыту қажет. Сондықтан бес жылда білім беру саласына бөлінетін қаржыны үш есе арттырдық. Ұстаздардың жалақысын екі есе ұлғайттық. Қазіргі таңда қоғамымызда мұғалім мамандығының мәртебесі анағұрлым көтерілді. 1200 жаңа мектеп аштық. Соның ішінде «Келешек мектептері» ұлттық жобасы аясында көптеген білім ордасы бой көтерді. Ұлттық ғылымды қолдауға да мән беріп отырмыз. Бұл салаға салынған қаражат бес жылда 5 есе өсті. Шетелдің 33 беделді университеттерінің филиалы ашылды.

Сондай-ақ ұлт саулығын жақсарту үшін жүйелі шаралар қабылданды. 2020 жылдан бері медицина саласына бөлінетін қаржы 3 есе артты. 927 медицина нысаны ашылды. Еліміздегі орташа өмір сүру ұзақтығы 75 жастан асты.

Қазақстан қауіпсіз ел болуы керек. Сондықтан «Заң мен тәртіп» қоғамымыздың басты қағидаты саналатын болды. Осы жұмыстың аясында жемқорлыққа қарсы күресті жалғастырып, күшейтеміз, онысыз Әділетті Қазақстан туралы айтудың өзі қисынсыз. Соңғы бес жылда қылмыс саны және көшедегі бұзақылық едәуір азайды, қылмыстық ахуал қатаң бақылауға алынды. Тұрмыстық зорлық-зомбылық оқиғалары азаюда, еліміздің бұл мәселеге қатысты тәжірибесіне шетелдік сарапшылардың ықыласы күшейді. Түптеп келгенде, «Заң мен тәртіп» тұжырымдамасы – еліміздің жарқын болашағын құру үшін аса маңызды тетік.

Елімізде «Таза Қазақстан» жалпыұлттық акциясы азаматтарымыздың, әсіресе, жастардың басым көпшілігінің қолдауына ие болып, табысты жүзеге асырылып жатыр. Былтырдан бері шамамен 2,8 миллион гектар жер тазартылды, 4 миллионнан астам ағаш отырғызылды. Ең бастысы, азаматтарымыздың экологиялық сана-сезімі, бүкіл болмысы өзгеріс бастады.

Жалпы, барлық салада атқарылған жұмыс өз жемісін беріп жатыр деп айтуға болады. Бірақ біз мұнымен тоқтап қалмаймыз, өзгерістерді міндетті түрде жалғастырамыз.

Биыл еліміздің мерейі өсіп, рухы көтерілген жыл болды. Азаматтарымыз көптеген салада табысқа жетті, жаһандық қарыстарда топ жарды. Оқушыларымыз түрлі халықаралық білім додасынан мыңнан астам медаль иеленді. Үздік спортшыларымыз, соның ішінде боксшылар туымызды биікте желбіретті. Дарынды жастарымыз ұлт өнерін жер жүзіне паш етіп, кеңінен дәріптеп жүр. Жаһан жұрты қазақты рухы биік, көзі ашық, мәдениеті бірегей, зияткер ұлт ретінде тануда. Бұл – жылдар бойы жүргізілген жүйелі және тиімді жұмыстың нәтижесі. Енді осы қарқынды бәсеңдетпей, тек алға қарай қадам басуымыз қажет.

2-БЕТТЕ

Баспасөз-2026

АҒАЙЫН,
«АҚМЕШІТ АПТАЛЫҒЫНА»
ЖАЗЫЛДЫҒЫЗ БА?

Баспасөзге 2026 жылдың бірінші жартыжылдығына жазылу жүруде.

Қапы қалмаңыз, сүйікті газетіңізге жазылуды ұмытпаңыз.

Жекелер үшін
6 айға – 4000 теңге, мекемелер үшін – 5000 теңге.

Баспасөзге қатысты сауалдарыңыз болса, мына нөмірлерге хабарласыңыздар:
40-05-81, 70-14-08.

ТӘУЕЛСІЗ ЕЛДІҢ ҚАСТЕРЛІ МЕРЕКЕСІ



Қала әкімдігінің мәжіліс залында 25 қазан – Республика күні ұлттық мерекесіне арналған салтанатты жиын өтті.

Мерекелік шараны ашқан қала әкімі Нұржан Ахатов тәуелсіз еліміз үшін ұлық мерекенің маңызына тоқталды.

– Баршаңызды ең ұлық мереке – Республика күнімен және Егемендік туралы Декларацияның қабылданғанына 35 жыл толу мерейтойымен шын жүректен құттықтаймын! Кез келген мемлекет ел болуға бекініп, тағдыршешті шешімін қабылдаған күнді ұлттың басты құндылығы, қастерлі мерекесі ретінде атап өтеді.

Еліміздің тәуелсіздік жолындағы тұңғыш қадамы – егемендік декларациясы қабылданған күнді ұлттық мереке ретінде қайта бекіту мемлекеттілік пен егемендік тұрғысынан аса маңызды шешім болды. 1990 жылы, 25 қазанда Қазақстанның Егемендігі туралы декларация қабылданды.

Ендігі кезекте қастерлі құндылықтарымыз бен бай тарихымыздың бүгінгі мұрагері ретінде осы тарихи датаның біз үшін қаншалықты қымбат екенін дәлелдей білуіміз қажет. Сондықтан ұлық мереке баршамызға тағы да құтты болсын, – деді қала әкімі.

Жиын барысында шаһардың әлеуметтік-экономикалық дамуына ерекше үлес қосқан бір топ азаматтарға облыс және қала әкімінің Құрмет грамотасы, облыс және қала әкімінің, ҚР мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Қызылорда облысы бойынша департаментінің Алғыс хаты табысталып, мемлекеттік қызметке алғаш келген жас мемлекеттік қызметшілердің ант қабылдау рәсімі өтті.

Ғайһар ҚОЖАХМЕТОВА

МАҚСАТЫМЫЗ — БАРШАҒА ТЕҢ МҮМКІНДІК ҰСЫНАТЫН, ӨРКЕНДЕУ ЖОЛЫНДАҒЫ ӘДІЛЕТТІ ҚАЗАҚСТАННЫҢ ІРГЕСІН ҚАЛАУ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Республика күніне арналған салтанатты жиында сөйлеген сөзі

Қазақстанымыз Әділетті, Қауіпсіз, Таза, Күшті ел болуы керек. Бұл — жалпыұлттық стратегиялық мақсатымыз, барша азаматқа ортақ міндет, кастерлі парыз. Озық ел болу үшін біз әлі талай белесті бағындыруымыз керек. Тұрақтылық пен тыныштықтың кәдірін білу қажет. Әсіресе, мұны жастарымызға дұрыс түсіндіріп, оларға бағдар көрсеткен жөн. Еліміздің ертені — өскелең ұрпақтың қолында. Сондықтан жастарымызды ең алдымен Адал азамат етіп тәрбиелеу қажет. Адал азамат дегеніміз — елін, жерін сыйлайтын, заңға бағынатын, білімге ұмтылатын, ұлттық құндылықтарды қолдайтын және ел бірлігін нығайтуға үлес қосатын азамат. Еліміздің озық болуы осындай отанышыл, тәртіпті, білімді, мәдениетті, белсенді және ойы ұшқыр жастарға тікелей байланысты. Өз қабілетіне сенетін, көзі ашық, көкірегі ояу, еті тірі, еңбеккор адамның ешкімге тәуелді болмайтынын жас ұрпақ ұғынып өсуі қажет. Әр азаматымыз өз ісіне тиянақты, уқыпты және жинақы болса, тұтас мемлекет те табысты болмақ.

Біз бәсекеге қабілетті ұлт болуымыз керек. Бұл — ең алдымен, ұлтымыздың сапасы, яғни азаматтарымыз заманауи, озық ойлы, жасампаз болуы қажет деген сөз. Қазіргі аса күрделі, құбылмалы және қарама-қайшылыққа толы заманда озық ел болу оңай шаруа емес. Сол себепті біз батыл шешімдер қабылдап, нық сеніммен жарқын болашаққа қарай жүреміз. Сонда ғана осы уақыт халқымыздың сана-сезімінде ұлы бетбұрыс жасаған тарихи кезең болып қалары анық. Мен бұған кәміл сенемін.

Бәріміз бір ел болып қолға алған реформалардың түпкі мақсаты — Қазақстанды жаңа жағдайға бейімдеу, сол арқылы еліміздің егемендігін нығайтып, бәсекеге қабілетін арттыру. Мемлекет басшысы ретінде мен жеріміздің тұтастығын, еліміздің дербестігін және экономикалық дамуын қамтамасыз етуім керек. Бұл — менің азаматтық борышым.

Қазір әлем түбегейлі жаңа тарихи кезеңге қадам басты. Бәрінің де мұны көріп-біліп отырсыздар. Бір жағынан, қалыңыстар мен соғыстар азаймай тұр, басқа жағынан, жоғары технологиялар, жасанды интеллект тез дамуда. Осындай күрделі жағдайда еліміз дамуын даңғыл жолына түсті. Барша елмен достық қатынас орнатып, мемлекетімізді сенімді серіктес ретінде таныттық. Соның арқасында энергетика, көлік, логистика, ақпараттық технология, ауыл шаруашылығы және басқа да салаларға қомақты инвестиция тартып жатырмыз. Қазіргі алмағайып заманда саликалы дипломатия дәстүріне негізделген сыртқы саясатты ұстану айрықша маңызды. Біз мемлекеттердің бәрі өзара тіл табысып, ортақ мәмілеге келе білгені жөн деп санаймыз. Өзара сенім мен құрметті нығайтып, әріптестік қарым-қатынасты дамыту қажет деп есептейміз. Жақында Алматыда Біріккен Ұлттар Ұйымының Орталық Азия мен Ауғанстан үшін орнықты даму мақсаттары жөніндегі өңірлік орталығы ашылды. Мұны зор жетістік деп айтуға болады.

Мен Біріккен Ұлттар Ұйымы Бас Ассамблеясының мерейтойлық сессиясында негізгі халықаралық мәселелерге баса назар аудардым, бірақтар ұсыныс айттым. Өлемде барлық елдің мүддесі ескерілетін әділ халықаралық қатынастар жүйесін орнату керек. Қазақстан дүние жүзі қауымдастығының жауапты әрі ықпалды мүшесі ретінде алдағы уақытта да теңгерімді әрі сын-дарлы сыртқы саясат жүргізеді.

Құрметті отандастар!

Біз ауқымды жаңғыру кезеңіне қадам бастық. Мақсатымыз — баршаға тең мүмкіндік ұсынатын, өркендеу жолындағы Әділетті Қазақстанның іргесін қалау.

Таяуда халыққа арнаған Жолдауымда Парламентті реформалау туралы мәлімдедім. Бұл бастаманы алдын ала жариялауымын өзі еліміздегі саяси үдерістердің ашық жүріп жатқанын көрсетеді. Биліктің заң шығарушы тармағын өзгерту соңғы жылдары жүзеге асырылған жан-жақты жаңғырудың қисындары жалғасы болмақ. Барлық ұсынысымыз Қазақстанның эволюциялық дамуына қатысты азаматтарымыздың мүддесі мен сұранысына негізделген. Ал еліміз алға жылжып, дамуы керек. Бұған еш күмән жоқ, болуы да мүмкін емес. Жоспарланған өзгерістер Парламенттің құзыреті мен беделін күшейтеді. Конституцияға енгізілетін өзгертулер Парламентке ғана қатысты емес, сондай-ақ Президент, Үкімет туралы бөлімдерді және саяси жүйенің басқа да қырларын қамтиды. Түзетулердің жалпы көлемін және 2022 жылғы конституциялық реформа аясында жүзеге асқан бастамаларды ескерсек, мұны жаңа Конституция қабылдауға барабар іс деуге болады. Өйтсе де Қазақстан Республикасы күшті президенттік билікке арқа сүйеген мемлекет болып қалуға тиіс екенін атап өткім келеді.

Бұл қазіргідей алмағайып заманда еліміздің сенімді келешегіне кепіл болады. Өйткені парламенттік жүйе қауіпсіздік пен тәртіп, тұрақтылық пен даму тұрғысынан өз міндетін толық атқара алмай отыр. Кейбір сарапшылар мен саясаткерлердің бұған да қырларын қамтиды көзсіз еріп, мемлекеттілігімізге қатер төндіруге еш хакымыз жоқ.

Саяси бағдарымыз бен қабылдаған нақты шешімдеріміз ұлтымыздың ұзақ мерзімді мүддесі мен мемлекеттің қауіпсіздігін қорғау,

елді дамыту қағидаттарын көздейді. Мұны берік ұстанамыз.

Жолдауда бір палаталы Парламентті пропорционалды сайлау жүйесі арқылы жасақтау қажет екенін ашық айттым. Бір палаталы Парламентті тек партиялық тізім бойынша қалыптастыру партиялардың институционалдык негізін нығайтуға септігін тигізеді. Сайлаушылармен жүйелі жұмыс істеуіне ықпал етеді. Яғни мемлекеттілігімізге пайда әкеледі. Бұл ешқандай кері кету немесе демократиялық қағидаттардан бас тарту емес. Ел қамын ойлап, саяси тұрғыдан салмақтап осындай ұйғарымға келдім.

Аймақтық деңгейде азаматтар билікпен тікелей әрі тұрақты қарым-қатынас жасайды. Сондықтан жергілікті мәслихаттар мен әкімдіктер белсенді жұмыс істеп, елдің мұң-мұқтажын шешуде маңызды рөл атқаратынын көрсетуге тиіс. Соңғы жылдары тікелей сайлау институтын айтарлықтай кеңейттік. Әуелі ауыл әкімдерін сайлауды енгіздік, кейін ол аудан, содан соң облыстық маңызы бар қала басшыларын сайлауға ұласты. Сол себепті Қазақстанда ай сайын түрлі электоралды науқан жүріп жатады. Бұл біздің өңірдегі бірегей саяси тәжірибе саналады. Баршамыз осынау істің мақсатқа сай орындалуын бақылап, егер оның жағымсыз салдары болса, шара қабылдау қажет.

Реформалар — табиғи үдеріс, мұнда артық консерватизмге орын жоқ. Жергілікті мәслихаттарды сайлауда мажоритарлық жүйені сақтау керек деп санаймын.

Осы тұста тағы да атап өткім келеді: мемлекеттік маңызы бар кез келген мәселе бойынша шешуші сөзді азаматтарымыз айтуға тиіс. Конституциялық реформа жасалған кезде, сондай-ақ атом станциясын салу мәселесін талқылаған уақытта дәл солай болған. Қазір де солай болмақ. Бұл елімізде жаңа саяси мәдениеттің пайда болғанын көрсетеді, яғни бұл — қоғам көкейінде жүрген аса өзекті мәселелерді шешудің жаңа дәстүрі қалыптасып жатыр деген сөз.

Азаматтар өз Отанының келешегіне шынайы алаңдап, оның даму жолында аянбай тер төксе, ұлт шын мәнінде егемен елге айналады. Өзге мемлекеттер де оны солай қабылдайды. Тіпті

интеллектіні жан-жақты енгізуді мемлекет дамуының басым бағыты ретінде белгіледік.

Қазақстанның жаһандық озық үрдістерден кейін қалуына болмайды. Әйтпесе, замана көшіне ілесе алмаймыз. Ал оның салдары өскелең ұрпаққа тиіуі мүмкін.

Жұмыс басталды. Алғашқы ұлттық суперкомпьютер іске қосылды. «Қазақтелеком» базасында тағы бір суперкомпьютер жұмыс істеп тұр. Al Sana бағдарламасы және ауқымды Alatau City жобасы қолға алынды. Аталған бағыттағы аса маңызды жұмысты заманалық тұрғыдан қамтамасыз ету шаралары қабылданып жатыр.



Стратегиялық міндетіміз — Қазақстанды үш жыл ішінде толық цифрлық елге айналдыру. Жасанды интеллект пен цифрлық құралдар елімізді өркендету үшін қызмет етуге тиіс.

Уақыт озырмай, білімге негізделген экономика құруға кірісу қажет. Креатив пен инно-

вация өсімінің арқауы, ал зияткерлік капитал елдің бәсекеге қабілеттілігін өзгеі болуға тиіс.

Жасанды интеллект дәуіріне айналып, өзін тартатын аумақты тазалаумен шұғылданып, қал-келеріне қоғамдық тәртіптің сақталуын қадағаласа, вандализм мен дерексіз қылықтарға қарсы тұрса елге пайдасын тигізеді.

Өзіне, отбасына, туған еліне жаны ашитын отандастарымыздың үлкенді-кішілі жетістіктеріне күн сайын куә болып жүрміз. Олар шынайы патриоттығының арқасында осындай дәрежеге жетіп отыр. Баршанызға мәлім, жыл сайын азаматтарымыз түрлі салада топ жаралды. Бұл халқымыздың жасампаз болмысын паш етеді. Жастарды осындай ізгі амалдар жасауға ынталандырады, ұлттық рухымызды жани түседі.

Higgsfield AI стартапы — биылғы айтулы жетістіктердің бірі. Оны Қазақстанның алғашқы «сыңармүйіз» стартапы деуге болады. Әдетте жаһандық нарықта бір миллиард долларға немесе одан да қымбатқа бағаланған компанияларды осылай атайды. Бұл бірегей жобаның негізі Astana Hub алаңында қаланған болатын. Мұны математика және физика пәндерінен жасөспірімдер арасындағы халықаралық олимпиада жеңімпаздары, дарынды энтузиастар жасады. Осындай мықты азаматтар — еліміздің келешегі. Жас кәсіпкерлер, ғалымдар, инженерлер, IT-мамандар Қазақстанның жаңа элитасын қалыптастыруда. Ал жаңашылдық — ұлттық сипатымыздың маңызды қырына айналды. Демек, мемлекет қолдау көрсетсе, білімді, еңбеккор балаларымыз бен немерелеріміз әлемдік нарықта сұранысқа ие жоғары технологиялық өнімдер жасай алады.

Алайда бірлі-жарым табысқа тоқмейілеуге болмайды. Сондықтан Үкіметке келешегінен үміт күттіретін отандық стартаптардың нарықта лайықты орын табуына көмектесетін заманауи, тиімді эжоқуіе құру міндеті жүктелді.

Қазақстан цифрландыру көрсеткіші бойынша дүниежүзілік индекстерде жоғары орындарды иеленеді. Бұл, әрине, қуанарлық жағдай. Бірақ, ең бастысы, болдық, толдық деуге болмайды. Әлемдегі ең жоғары талаптарға сай келетін заманауи экономиканы дамыту үшін ғылыми-техникалық прогресті жіті бақылап отыру қажет. Сондықтан біз цифрландыру мен жасанды

еңбеккорлығының арқасында қабілет-қарымын көрсетіп, іскерлік, шығармашылық немесе мемлекеттік қызметтегі мансабында табысқа жететін орта, қажат жиі айтылатын эжоқуіе қалыптастыруға күш салып жатырмыз.

Қазақстан талантты, мақсатшыл жандар тұрақтап қалғысы келетін ел қатарына қосылып келеді. Біздің ең басты байлығымыз — білімді, белсенді адамдар. Мен мұны үнемі айтамын әрі қайталаудан жалықпаймын. Өрбір азамат өзінің табысы мен еңбеккорлығы арқылы еліміздің гүлденуіне елеулі үлес қосады. Біз тәртіпке бағынатын отандастарымыздың шынайы патриот ретінде дәріптеп, мақтап тұтуымыз керек. Өйткені олар ұлтты ұйыстырады, халқымызды кәсіби және рухани тұрғыдан биіктерді бағындыруға жігерлендіреді.

Осылайша, біз бәріміз Қазақстан азаматтарының жасампаз рухын сыйлауымыз керек. Мұндай игі үрдісті жан-жақты қолдау қажет. Ел мүддесі үшін биік мақсаттарға ұмтылыс ұлттық болмысымызға тән қасиет болуы керек. Армандау, алға мақсат қою — өте дұрыс. Алайда қазіргі заман нақты іс-әрекеттің уақыты екенін ұмытпаған жөн. Сондықтан елге пайдалы, болашаққа қажет істермен айналысу керек. Сөз жүздеме, іс жүзіндегі отаншылдық, яғни нағыз патриотизм дегеніміз — осы.

Қазір еліміз аса күрделі жолдың басында ғана тұр. Біз бір ел болып, бір-бірімізді қолдауымыз керек, көреалмасушылық, қызғаныш сияқты теріс әдеттерден арылған жөн. Қазақстанды күшті және дамыған озық ел ету — тек өз қолымызда. Оған біздің мүмкіндігіміз де, әлеуетіміз де жетеді: экономикамыз — орнықты, жеріміз — берекелі, жарқын болашаққа деген сеніміміз — зор, ал азаматтарымыз, әрине, өз дарынды және қабілетті.

«Төртеу түгел болса, төбедегі келеді» деген. Біз ұлт ретінде биік белестерді бағындырамыз десек, ең алдымен, халқымыздың ауызбіршілігі мықты болуы керек, азаматтарымыз бірін-бірі сыйлап, құрметтеуі қажет. Бір елдің ішінде өмір сүріп, бір жерде тұрып, жанжалға, ұрыс-керіске көл беруге болмайды. Біреудің еңбегін жоққа шығару, не болмаса ой-пікірін келеке ету, басқа адамды қаралау — озық, өркеніетті қоғамға жат қылық, тіпті, ұят нәрсе, ондай әрекеттер үшін қоғам және жан алдында жауап беруге тура келеді.

Ғалатморт желісінде бір тақырыптан басталған талқылау бітіпейтін пікірталасқа ұласып кетеді, тіпті, бұл құбылыс «аса қауіпті қоғамдық дерт» деген осындай түсінік, ұғым пайда болды. Мұндай дерттен құтылуымыз керек.

Құрметті қауым!

Мемлекетіміздің Егемендігі туралы декларацияның 35 жылдығы — еліміз үшін аса маңызды тарихи кезең. Көптеген елдердің тарихына қарайтын болсақ, мұндай құжаттар ұрпақтан ұрпаққа беріліп, ғасырлар бойы сақталады, азаматтық сана-сезімнің мызғымас негізі ретінде қызмет етеді. Сондықтан Егемендік туралы декларация, бұл — мемлекеттілігіміздің берік арқауы, халқымыздың жарқын болашаққа ұмтылысының айқын көрінісі.

Егемендігімізді жариялаған алғашқы күннен бастап мемлекеттілігімізді бекемдеп, халқымыздың әл-ауқатын арттыру жолынан айныған емеспіз. Бұл — ең дұрыс стратегия.

«Еңбек — берекенің бастауы» деп бекер айтылмаған. Біз адал, бәсекеге қабілетті азаматтарға әрдайым құрмет көрсетіп, қолдауымыз керек. Жұмысшы мамандарын қадірлейтін қоғам құру маңызды. Елімізде қажырлы еңбегінің арқасында нағыз еңбек адамы атанған азаматтар өте көп.

Бүгін арамызда Мұрат Кеңесұлы Қаражұманов отыр. Ол 45 жылға жуық табанды еңбек етіп, ауыл шаруашылығын дамытуға зор үлес қосты. Майталман механизатор жас мамандарға жол көрсетіп, мол тәжірибесін бөлісуде. Бұл салада Қаражұмановтар әулетінің 30-дан астам өкілі жұмыс істейді. Олардың жалпы еңбек өтілі 600 жылдан асады. Бүгін Мұрат Кеңесұлы Қаражұмановқа «Қазақстанның Еңбек Ері» атағын беру туралы шешім қабылданды.

Жұмысшы мамандықтары жылы аясында адал еңбегімен Қазақстанның дамуына үлес қосып жүрген азаматтарды марапаттап жатырмыз.

Бүгінгі мерекеде біз Сергей Петрович Чернобайға құрмет көрсетеміз. Ол — еңбегі ерен кенші, «Шахтер данқы» белгісінің толық кавалері, отандық көмір өндірісінде аты аңызға айналған тұлға. Еңбеккерлер әулетінен шыққан азамат. Ата-анасы да, жұбайы да, тіпті балалары да өз тағдырын шын мәнінде батыл жандардың қолынан келетін кәсіппен байланыстырған. Өнегелі отбасының жалпы еңбек өтілі 150 жылдан асады. Бұл — жай ғана шифр емес, қажырлы еңбек пен кәсіби сабақтастықтың жылнамасы. Чернобайлар әулеті ел дамуына өлшеусіз үлес қосып, өз ісіне адалдықтың және нағыз еңбеккор жандардың үлгісі боларына кәміл сенемін. Сергей Петрович Чернобайға жоғары дәрежелі ерекшелік белгісі — «Қазақстанның Еңбек Ері» атағы беріледі.

Ортамызда Александр Анатольевич Касицин отыр. Ол — «Еңбек Данқы» орденінің толық иегері, еңбек жолын қарапайым зоотехниктен бастап еліміздегі ең озық агроөнеркәсіп шаруашылықтарының бірінің басшысына дейін көтерілген айтулы маман. «Галицкое» серіктестігі ауылды жаңғыртып, еңбеккерлерге қамқорлық көрсету арқылы керемет табысқа қол жеткізді. Ел алдындағы еңбегі үшін Александр Анатольевич Касицин «Отан» орденімен марапатталды.

Қазақстанның еңбек сіңірген журналисі Сергей Васильевич Харченко өз ісін жасық көретін, Отанын шексіз сүйетін жан ретінде көпке үлгі. Белгілі каламгер, парасатты басшы, дарынды ұстаз мемлекеттің өркендеуіне, отандық журналистиканың дамуына қосып өскелең ұрпақты тәрбиелеуге зор үлес қосып келеді. Бүгін Сергей Васильевич Харченко І дәрежелі «Барыс» орденінің иегері атанды.

Өйгілі археолог Зейнолла Самашевтің есімі баршанызға белгілі. Ол өркениетіміздің теңдессіз қазынасы саналатын «Берел қорғаны» ашып, оны жан-жақты зерттеуге зор үлес қосты. Бұл жаңалық тарих ғылымын шын мәнінде жаңа деңгейге көтергені сөзсіз. Ал белгілі ғалым, картография зерттеушісі Мұхит-Арпагер Сыдықназаров төл тарихымызды түгендеуге аталысып келеді. Ұлттық ғылымды өркендетуге сіңірген еңбегін ескере отырып, қос ғалымға Ахмет Байтұрсынұлы атындағы мемлекеттік сыйлықты табыстау туралы шешім қабылданды. Бүгін осы сыйлық алғаш рет беріледі.

II дәрежелі «Барыс» орденімен даңқты спортшы Шавкат Рахмонов марапатталады. Ол еліміздің атын шет мемлекеттерге танытып, мерейін үстем ету жолында тер төгіп жүр.

Биыл Қазақстан халқы Ассамблеясының құрылғанына 30 жыл толды. Ассамблея — берекелі бірлігіміздің мызғымас нышаны, теңдесі жоқ бірегей құрылым. Оның мүшелері елдегі тұрақтылықты нығайту үшін аянбай еңбек етіп жүр. Ал қоғамдағы келісім мен ынтымақты күшейту — нағыз отаншылдық белгісі. Мен бүгін еліміздің бірнеше этно-мәдени орталықтың өкіліне «Ел бірлігі» орденін табыстаймын.

Мәдениет — ұлттық рухани дербестігінің кепілі. Сондықтан біз өмірін өнер жолына арнаған қайраткерлерге әрдайым құрметпен қараймыз. Руханиятымызға ерекше еңбек сіңіргені үшін белгілі өнер майталмандары — Болат Әбділманов, Тамара Асар Жанқұл, Шынар Жанысбекова «Қазақстанның халық әртісі» атағына лайық деп танылды.

Сондай-ақ мәдениет саласын дамытуға зор үлес қосқаны үшін Нина Жмеренчук, Бақыт Қажыбаев, Зарина Алтынбаева және Өйгерін Алтынбек «Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері» атағына ие болды.

Сондай-ақ ауыл шаруашылығы саласын өркендетуге айрықша үлес қосып жатқан Иван Сауэрге «Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері» атағы берілді. Жоғары мемлекеттік марапаттарды халқымыздың шынайы ықыласы және сый-құрметі деп қабылдаңыздар.

Бүгін әрбір облыста жүздеген лайықты азаматымыз менің Жарлығымен жоғары мемлекеттік наградамен марапатталады. Олардың еңбегіне зор ризашылығымызды білдіремін.

Қадірлі қауым!

Еліміз үшін ұлт саулығын сақтайтын дәрігердің, саналы ұрпақ тәрбиелейтін ұстаздың, ауылдағы шаруа мен өндірістің жұмысшының, яғни әрбір кәсіп иесінің еңбегі айрықша маңызды. Бұл — кез келген өркениетті қоғамға тән мызғымас заңдылық. Бүгін мен ұлттық мерекеміз — Республика күні қарсаңында адал еңбек етіп, еліміздің өркендеуіне аталысып жатқан әрбір азаматқа шынайы алғысымды айтамын. Елдігіміз еңселі, егемендігіміз баянды болсын! Көк туымыз мәңгі желбіресін! Баршанызға амандық, табыс тілеймін!

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті білім мен ғылымды ұштастыра жүріп жеткен жетістіктерімен QS рейтингі бойынша әлемдегі Топ-200 ЖОО-ның қатарындағы үздік 150 жоғары оқу орындары құрамына қосылды. Құрамында 16 факультет, 100-ден аса кафедра, 20 ғылыми-зерттеу орталықтары бар университетте кез келген білімгер өзінің болашағын айқындап, алдына нақты мақсат қоюда. Негізінде университеттің жобалары студенттік өмірдің қызықты және де мағыналы өтуіне үлкен мүмкіндік тудырады

БІЛІМ МЕН ҒЫЛЫМНЫҢ ОРДАСЫ

Бүгінгі кезде бәсекеге қабілетті «Мемлекеттік және жергілікті басқару» мамандықтарын даярлауға оқу орнымыздың деңгейі жоғары болуына және білімгерлердің жан-жақты білім алуына отандық және шет елдік ғалымдар еңбектенуде. Алыс шет елдердің университеттерімен: АҚШ, Индонезия, Испания, Италия, Малайзия, Нидерланды, Польша, Португалия, Түркия, Ұлыбритания, Финляндия, Франция, Чехия сонымен қатар жақын шетелдердің: Өзбекстан, Ресей (Белгород, МГИМО, Оңтүстік-Орал, Пенза, РУДН, РЭУ) жоғары оқу орындарымен ынтымақтастық меморандумға қол қойылып 35 шет елдік ғалымдармен ғылыми жұмыстар атқарылуда. Оқу бағдарламалары үнемі жетілдіріліп, жұмыс берушілердің талаптары мен ұсыныстары ескеріледуе.

Университеттегі экономика және бизнес жоғары мектебінің профессор-оқытушылар құрамы мемлекеттік органдар, бизнес және ұлттық экономика салалары үшін кәсіби басқарушы кадрларды даярлауда көшбасшы болып табылады. Университет деңгейінде жоғары білікті кадрларды дайындаудың үздік отандық дәстүріне сүйені отырып, факультет мемлекеттік қызмет үшін кадрлар даярлаудың әлемдік жетекші орталықтарының стандарттарына сәйкес келетін студенттердің құзыреттіліктерін қалыптастыруға ұмтылуда. Сондай-ақ өзінің стратегиялық міндетін жана үлгідегі саяси элитаны дайындауда академиялық білім сапасы тұрғысынан да, оның құндылық бағдарлары тұрғысынан да көреді, олардың арнамыс, мемлекет мүддесі алдының орында тұрады. Бакалавриат бағдарламалары шеңберінде кәсіптік оқыту студенттерге отандық және шетелдік мемлекеттік басқару және басқару тәжірибесі саласында арнайы білім беруді қамтиды. Бакалавриаттағы білім іргелі ғылыми пәндерді терең меңгеруге ғана емес, сонымен бірге топта жұмыс істеу дағдыларын, оның ішінде көшбасшылық қасиеттерді қалыптастыруға, мақсат қою және

оған жетудің әдістері мен тәсілдері арқылы заманауи тиімді құралдарын табу қабілетін дамытуға бағытталған. Кафедраның білім беру бағдарламаларының ерекшелігі бір-қатар оқу пәндері ағылшын тілінде оқытылады. Бакалавр, магистранттар, докторанттардың білім беру бағдарламалары ауқымы стратегиялық басшылықтарға және мемлекеттік басқару тәжірибесінің қажеттіліктеріне және жұмыс берушілердің талабы, сұранысы, мақсаттарына сәйкес үнемі жаңартылып, жетілдіріліп отырады. «Мемлекеттік және жергілікті басқару» мамандығының алған білімдері келешекте тұралап қалған мемлекеттік басқаруды қайта жандандыруы сөзсіз. Бұл мамандық негізінде тек басқару жағын ғана үйретіп қоймай, адаммен қарым-қатынасты, тұлғаны сыйлауды, жан-жақты ойлауды, ұлтқа, азаматқа адал болуды үйретеді. Бұл мамандық иелеріне деген сұраныс жақсы. Себебі, еліміздің экономикасын қалыптастыру, мемлекетті алға жылжыту дәл осы мамандық иелерінің жұмысы. Жас мамандарды жергілікті басқару органдарында өз мамандығымен жұмыспен қамту өңірлердің әлеуметтік-экономикалық деңгейін жақсартады және нарық кеңістігіндегі бәсекеге қабілеттілігін арттырады. Мемлекетіміз «Менеджмент» кафедрасында 3 деңгейдегі даярланып жатқан «Мемлекеттік және жергілікті басқару» мамандықтарын бітіруші түлектерімізге өте кең мүмкіндік беріп отыр. Бітіруші түлектер еліміздің 17 облысындағы 176 ауданындағы 6159 ауылдық аймақтарға оралуына, өңірлерде кадр тапшылығын азайтуға тікелей атсалысуда. Биыл 2025 жылы «Мемлекеттік және жергілікті басқару» мамандықтарын үздік бітіретін түлектеріміз осы жеңілдіктер негізінде конкурсыз жұмысқа орналасу мүмкіндігіне ие болды.

Оялбек АБРАЛІЕВ
Әл-Фараби атындағы
ҚазҰУ профессоры, з.ғ.д.
Өмірбек БЕКАРЫС
Білімгер

ӘДЕПТІЛІК - МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТТІҢ ҰСТАНЫМЫ

Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызмет жүйесі қалыптасқаннан бері мемлекеттік қызмет-шілердің кәсібилігімен қатар, олардың әдептілігі маңызды, себебі әдептілік мемлекеттік қызметтің басты ұстанымдарының бірі болып табылады.

Мемлекеттік басқаруды жаңаша ұйымдастыру – Жана Қазақстанды қалыптастыру жолындағы басты фактор.

Қоғамның мемлекеттік органдарға деген сенім деңгейін арттырып, халықпен кері байланысты жақсарту, адамға бағдарланған мемлекеттік басқарудың жаңа моделін қалыптастыру бағытында Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен мемлекеттік қызметшілердің Әдеп кодексі де жана редакцияда бекітілді.

Бұл Кодекс қоғамның мемлекеттік органдарға деген сенімін нығайтуға, мемлекеттік қызметте өзара қарым-қатынастың жоғары мәдениетін қалыптастыруға, сондай-ақ мемлекеттік қызметшілердің әдепсіз мінез-құлық жағдайларының алдын алуға бағытталған.

Кодекстің жаңа редакциясына «Мемлекеттік қызметтің әдептік қағидаттары» деп аталатын тарау енгізіліп отыр. Осыған сәйкес, мемлекеттік қызметшілердің қызметтік әдебі алты қағидатқа, яғни адал ниеттілік, адалдық, әділдік, ашықтық, сыйпайлық, клиентке бағдарлану деген қағидаттарға негізделген.

Сонымен қатар, жаңа Әдеп кодексінде мемлекеттік қызметтің әдептік қағидаттары мен мемлекеттік қызметшілердің қызметтік әдебінің стандарттары бекітіліп, оны

насихаттау мен бұзушылықтардың профилактикасында Әдеп жөніндегі уәкілдердің рөлінің маңыздылығы артты.

Биылғы жылы Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Қызылорда облысындағы Әдеп жөніндегі кеңесінің 8 отырысы өткізіліп, 44 мәселе күн тәртібіне шығарылды. Қаралған мәселелердің 16-сы тәртіптік істер болса, 28-і бұзушылықтардың профилактикасына бағытталды.

Тәртіптік істерді қарау нәтижелерімен 2 тәртіптік іс тоқтатылса, Әдеп кодексінің талаптарын бұзғаны үшін 3 мемлекеттік қызметші, мемлекеттік қызметке кір келтіретін тәртіптік теріс қылықтарға жол бергені үшін 11 мемлекеттік қызметші тәртіптік жауапкершіліктерге тартылды.

Жалпы мемлекеттік қызметшілердің жұмысына баға беретін халық. Сондықтан әрбір мемлекеттік қызметші, әділдігін қамтамасыз етуге, қызмет барысында әдептілік нормаларын қатаң сақтауды, өзінің іс-әрекеттерімен қоғам тарапынан сынға ұшырамауды және мемлекеттік қызметтің беделіне нұқсан келтірмеу керектігін назардан шығармауы тиіс.

Талғат НУРТАЕВ
Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Қызылорда облысы бойынша департаментінің Мемлекеттік қызмет саласындағы бақылау басқармасының басшысы

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТШІЛЕР ҚҰҚЫНЫҢ ҚОРҚАЛУЫ БАСТЫ НАЗАРДА

Ел дамуының басты қозғаушы күші – әділ әрі сапалы мемлекеттік басқару секторы. Ал осы жүйенің негізі – өз ісіне адал, білікті мемлекеттік қызметшілер. Жауапкершілік жүгін арқаалаған бұл мамандардың құқығы қалай қорғалады?

ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Қызылорда облысы бойынша Департаментінде мемлекеттік қызмет саласындағы бақылауды жүзеге асыру функциясы енгізілген.

Бұл ретте, азаматтармен бірге мемлекеттік қызметшілердің де құқықтарын қорғау, ал бұзылған жағдайда қалпына келтіру жұмыстары Департаментпен жүзеге асырылып келеді.

Өрине, кәсіби мемлекеттік аппаратты қалыптастыруда мемлекеттік қызметшілердің меритократия қағидаттары негізінде өз еңбегіне сай мансаптық өсу мүмкіндігімен қатар олардың моральдық-әдептілік бейнесіне жоғары талаптар қойылады.

Дегенмен, мемлекеттік қызметшілердің қызметі Әдеп кодексінде белгіленген талаптар аясында жүзеге асыру қажеттілігіне қарамастан, соңғы кезде мемлекеттік қызметшілер тарапынан әдеп нормаларын бұзу деректері әлі де орын алуда.

Мысалы, мемлекеттік органдардың тәртіптік комиссиялардың жұмысына жүргізілген талдау нәтижесімен 2025 жылдың 9 айында 488 мемлекеттік қызметшіге тәртіптік жаза қолданылған. Оның ішінде, жергілікті атқарушы органдарда 386, орталық органдардың аумақтық бөлімшелерінде 102 мемлекеттік қызметші тәртіптік жауапкершілікке тартылған.

Тәртіптік жауапкершілікке тартылғандардың қатарында қызметтік әдеп нормаларын бұзған – 7, мемлекеттік қызметке кір келтіретін тәртіптік теріс қылық жасаған – 7 қызметші бар.

Аумақтық департаментпен 2025 жылдың 9 айында 24 тексеру жүргізілді, оның ішінде 7 жоспарлы және 17 жоспардан тыс, нәтижесінде 419 заң бұзушылықтар анықталды.

Бұзушылықтарды жою туралы 11 ұсынулар енгізіліп, 27 мемлекеттік қызметшінің бұзылған құқықтары қалпына келтірілді. Мысалы, аз. А.Т-ның жолданымы негізінде Ақсуат ауылдық округі әкімі аппаратына жоспардан тыс тексеру жүргізілді.Тексеру нәтижесімен, Ақсуат ауылдық округі әкімі аппаратының жетекші маманына негізсіз тәртіптік күші жойылды. Сонымен қатар, жоспарлы тексеру нәтижелерімен 17 мемлекеттік қызметшілерге іссапарлар кезіндегі кепілдіктері мен өтемақы шығыстары өтелмегендігі анықталды.

Департаментпен анықталған бұзушылықтарды жою туралы ұсынулар енгізіліп, нәтижесімен 17 мемлекеттік қызметшілерге іссапар шығындары төленді.

Сондай-ақ Шиелі ауданы әкімі аппаратына жүргізілген жоспарлы тексерумен Талаптан ауылдық округі әкімінің м.а. және Ортақшыл ауылдық округінің бас маманына тәртіптік жаза қолдану барысында Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы №152 Жарлығымен бекітілген «Мемлекеттік қызметшілерге тәртіптік жаза қолдану» Қағидаларының талаптары сақталмағандығы анықталды.

Департаментпен енгізілген ұсынудың нәтижесімен тәртіптік жаза қолдану туралы бұйрықтардың күші жойылып, бұзылған құқықтары қалпына келтірілді.

Бұдан бөлек, департаментпен мемлекеттік органдардың тәртіптік тәжірибесіне тоқсан сайын талдау

ЖОБА

«Қызылорда қаласы бойынша бөлшек салықтың арнаулы салық режимін қолдану кезінде мөлшерлеме мөлшерін төмендету туралы» Қызылорда қалалық мәслихатының 2023 жылғы 30 маусымдағы №45-5/1 шешімінің күші жойылды деп тану туралы

«Құқықтық актілер туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 27-бабы 2-тармағына сәйкес Қызылорда қалалық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. «Қызылорда қаласы бойынша бөлшек салықтың арнаулы салық режимін қолдану кезінде мөлшерлеме мөлшерін төмендету туралы» Қызылорда қалалық мәслихатының 2023 жылғы 30 маусымдағы №45-5/1 шешімінің (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8438-11 болып тіркелген) күші жойылды деп танылсын.

2. Осы шешім 2026 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға жатады.

Лауазымы

Аты-жөні

«Қызылорда қаласы бойынша бөлшек салықтың арнаулы салық режимін қолдану кезінде мөлшерлеме мөлшерін төмендету туралы» Қызылорда қалалық мәслихатының 2023 жылғы 30 маусымдағы №45-5/1 шешімінің күші жойылды деп тану туралы» Қызылорда қалалық мәслихаты шешімінің жобасына

ТҮСІНДІРМЕ ЖАЗБА

№	Түсіндірме жазбада көрсетілуі тиіс мәліметтердің тізбесі	Өзірлеуші-мемлекеттік органның ақпаратты
1	Өзірлеуші мемлекеттік органның атауы	Қызылорда қаласы әкімдігінің «Қызылорда қаласының кәсіпкерлік және өнеркәсіп бөлімі» КММ
2	Тиісті құқықтық актілерге, Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттардың нормаларына, Қазақстан Республикасы қатысушысы болып табылатын халықаралық ұйымдардың шешімдеріне, Президенттің, Президент Әкімшілігі, Үкімет және Үкімет Аппараты басшылығының хаттамалық және өзге де тапсырмаларына сілтеме жасай отырып, жобаны қабылдау үшін негіздемелер және/немесе оны қабылдау қажеттілігінің басқа да негіздемелері	«Қазақстан Республикасының Салық кодексі» 2025 жылғы 18 шілдедегі №214-VIII Қазақстан Республикасы Кодексінің 726 бабына және «Құқықтық актілер туралы» 2016 жылғы 6 сәуірдегі №480-V КРЗ Қазақстан Республикасы Заңының 27-бабы 2-тармағына, Қызылорда қалалық мәслихатының 2025 жылғы 11 қыркүйектегі №01-19/562 ұсыныс хатына сәйкес.
3	Жоба бойынша қаржы шығындарының қажеттігі және оның қаржылық қамтамасыз етілуі, оның ішінде қаржыландыру көзі, сондай-ақ қажет болған жағдайда Республикалық бюджет комиссиясының шешімі (тіісті есеп-қисаптар, қаржыландыру көзіне сілтеме, Республикалық бюджет комиссиясы шешімінің көшірмесі міндетті түрде түсіндірме жазбаға қоса беріледі)	Жобаны қабылдау жергілікті бюджеттен қосымша қаржы шығындарын талап етпейді
4	Жоба қабылданған жағдайда болжаланатын әлеуметтік-экономикалық, құқықтық және (немесе) өзге салдар, сондай-ақ жоба ережелерінің ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге ықпалы	АСР мөлшерлемесін 4-тен 2%-ға төмендету бизнес-ахуалды жақсартуға ықпал ететін болады, салықтық жүктеме, бизнесті заңдастыру және кәсіпкерлік сектордың іскерлік белсенділігін арттыру
5	Нақты мақсаттар мен күтілетін нәтижелердің мерзімдері	АСР мөлшерлемесін 4-тен 2%-ға төмендету бизнес-ахуалды жақсартуға ықпал ететін болады, салықтық жүктеме, бизнесті заңдастыру және кәсіпкерлік сектордың іскерлік белсенділігін арттыру
6	Жобада қаралатын мәселелер бойынша Президенттің және/немесе Үкіметтің бұрын қабылданған актілері және олардың іске асырылу нәтижелері туралы мәліметтер	Талап етілмейді
7	Енгізілетін жоба қабылданған жағдайда заңнаманы оған сәйкес келтіру қажеттігі (басқа нормативтік құқықтық актілерді қабылдау немесе қолданыстағы актілерге өзгерістер және/ немесе толықтыруды енгізу талап етілетін-етілмейтінін көрсету) не ондай қажеттіліктің болмауы	Талап етілмейді
8	Нормативтік құқықтық актінің жобасын мемлекеттік органның интернет-ресурсында, сондай-ақ ашық нормативтік құқықтық актілердің интернет-порталында орналастыру туралы ақпарат (күн, байт саны)	Ашық нормативтік құқықтық актілердің интернет-порталында жарияланды
9	Әлеуметтік маңызы бар нормативтік құқықтық актінің жобасына түсіндірме жазбаны уәкілетті мемлекеттік органдардың интернет-ресурстарында орналастыру туралы ақпарат	Қызылорда қаласы әкімдігінің ресми сайтына жарияланды
10	Нормативтік құқықтық акті жобасының Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарға және Қазақстан Республикасы қатысушысы болып табылатын халықаралық ұйымдардың шешімдеріне сәйкестігі	Талап етілмейді
11	Нормативтік құқықтық акті жобасының қолданысқа енгізілуіне байланысты жеке кәсіпкерлік субъектілері шығынның азаюын және (немесе) ұлғаюын растайтын есеп-қисаптар нәтижелері	Талап етілмейді

«Қызылорда қаласының кәсіпкерлік және өнеркәсіп бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің басшысы

М. ЖЕТИПЕНОВ

ПРОЕКТ

О признании утратившим силу решения Кызылординского городского маслихата от 30 июня 2023 года №45-5/1 «О понижении размера ставки при применении специального налогового режима розничного налога по городу Кызылорда»

В соответствии с пунктом 2 статьи 27 Закона Республики Казахстан «О правовых актах», Кызылординский городской маслихат РЕШИЛ:

1. Признать утратившим силу решение Кызылординского городского маслихата от 30 июня 2023 года №45-5/1 «О понижении размера ставки при применении специального налогового режима розничного налога по городу Кызылорда» (зарегистрированное в Реестре государственной регистрации нормативных правовых актов под № 8438-11).

2. Настоящее решение вводится в действие с 1 января 2026 года и подлежит официальному опубликованию.

Должность

ФИО

ПОЯСНИТЕЛЬНАЯ ЗАПИСКА к проекту решения Кызылординского городского маслихата «О признании утратившим силу решения Кызылординского городского маслихата от 30 июня 2023 года №45-5/1 « О понижении размера ставки при применении специального налогового режима розничного налога по городу Кызылорда»

№	Перечень сведений, которые должны быть отражены в пояснительной записке	Информация государственного органа-разработчика
1	Наименование государственного органа-разработчика	КТУ «Кызылординский городской отдел предпринимательства и промышленности»
2	Основания для принятия проекта нормативного правового акта со ссылкой на соответствующие правовые акты, нормы международных договоров, ратифицированных Республикой Казахстан, решения международных организаций, участием которых является Республика Казахстан, протокольные и иные поручения Президента, Руководства Администрации Президента, Правительства и Аппарата Правительства и/или другие обоснования необходимости его принятия	В соответствии статьи 726 Кодекса Республики Казахстан от 18 июля 2025 года №214-VIII «Налоговый Кодекс Республики Казахстан» и в соответствии с пунктом 2 статьи 27 Закона Республики Казахстан от 16 апреля 2016 года №480-V ЗРК «О правовых актах», письмом Кызылординского городского маслихата №01-19/562 от 11 сентября 2025 года.
3	Необходимость финансовых затрат по проекту нормативного правового акта и его финансовая обеспеченность, в том числе источник финансирования, а также в случае необходимости – решение Республиканской бюджетной комиссии (соответствующие расчеты, ссылка на источник финансирования, копия решения Республиканской бюджетной комиссии в обязательном порядке прикладываются к пояснительной записке)	Принятие проекта не требует дополнительных затрат из республиканского бюджета
4	Предполагаемые социально-экономические, правовые и (или) иные последствия в случае принятия проекта нормативного правового акта, а также влияние положений проекта нормативного правового акта на обеспечение национальной безопасности	Снижение ставки СНР с 4 на 2% будет способствовать улучшению бизнес - климата, снижению налоговой нагрузки, легализации бизнеса и повышению деловой активности предпринимательского сектора
5	Конкретные цели и сроки ожидаемых результатов	Снижение ставки СНР с 4 на 2% будет способствовать улучшению бизнес-климата, снижению налоговой нагрузки, легализации бизнеса и повышению деловой активности предпринимательского сектора
6	Сведения об актах, принятых ранее по вопросам, рассматриваемым в проекте нормативного правового акта, и результатах их реализации	Не требуется
7	Необходимость приведения законодательства в соответствие с вносимым проектом нормативного правового акта в случае его принятия (указать, требуется ли принятие других правовых актов или внесение изменений и/или дополнений в действующие акты) либо отсутствие такой необходимости	Не требуется
8	Информация о размещении проекта нормативного правового акта на интернет-ресурсе государственного органа, а также интернет-портале открытых нормативных правовых актов (дата, количество байт)	Опубликовано на интернет-портале открытых нормативных правовых актов
9	Информация о размещении пресс-релиза к проекту нормативного правового акта, имеющему социальное значение, на интернет-ресурсах уполномоченных государственных органов	Опубликовано на официальном сайте акимата города Кызылорда
10	Соответствие проекта нормативного правового акта международным договорам, ратифицированным Республикой Казахстан, и решениям международных организаций, участием которых является Республика Казахстан	Не требуется
11	Результаты расчетов, подтверждающих снижение и (или) увеличение затрат субъектов частного предпринимательства в связи с введением в действие проекта нормативного правового акта	Не требуется

Руководитель КТУ «Кызылординский городской отдел предпринимательства и промышленности»

ЖЕТИПЕНОВ М.

«Қызылорда қаласының кәсіпкерлік және өнеркәсіп бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің басшысы

М. ЖЕТИЛГЕНОВ

жұмыстары жүргізіліп келеді. 2025 жылдың 9 айында талдаудың нәтижесімен 17 мемлекеттік қызметшіге қатысты заңсыз қабылданған бұйрықтардың күші жойылып, олардың бұзылған құқықтары қалпына келтірілді.

Жұмыс уақыты режимінің бұзылуының алдын алуға және оған жол бермеу мақсатында 83 мониторинг жүргізіліп, 264 үстеме жұмыс жасау дерегі анықталды. Департаменттің хаты негізінде 264 мемлекеттік қызметшінің бұзылған құқықтары қалпына келтіріліп, оларға 437 демалыс сағаттары берілді.

Сондай-ақ, департаментпен 2025 жылдың сәуір-мамыр айларында 2024 жылдың қорытындысымен жергілікті атқарушы органдардың мемлекеттік қызметшілеріне сыйақы беруде заңдылықтардың сақталуына талдау жүргізілді.

Талдау нәтижесімен 6 мемлекеттік қызметшіге негізсіз сыйақы берілмегендігі анықталып, олардың құқықтарының бұзылуына жол берілгендігі анықталды.

Аталған мәселе, Қызылорда облысындағы Әдеп жөніндегі кеңесте қаралып, қабылданған шешім негізінде 6 мемлекеттік қызметшіге сыйақы төленді.

Департамент алдағы уақытта да өз міндеттеріне сәйкес мемлекеттік қызмет саласындағы заңнамалардың сақталуын бақылаумен қатар азаматтар мен мемлекеттік қызметшілердің де құқықтарының бұзылмауын қадағалайтын болады.

Е.Ж.МЕНДАЛІЕВ

Қазақстан Республикасы

Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Қызылорда

облысы бойынша департаментінің басшысы,

Әдеп жөніндегі кеңестің төрағасы

ЕГЕМЕН ЕЛДІН ЕҢСЕСІ БИІК

Республика күні мерекесінің құрметіне Қызылорда қаласының қорғаныс істері жөніндегі баскармасының ғимаратында «Қыран Елім – Қазақстан» атты мерекелік іс-шара өтті. Бұл мереке – қазақ халқының ғасырлар бойғы арманының орындалған сәтін еске түсіретін ерекше күн. Мерекелік іс-шара Республика күні еліміздің тәуелсіздікке бастар жолдағы алғашқы тарихи қадамы, еркін ел болудың бастауы екенін жеке құрамға жеткізу, отансүйгіштік тәрбие беру мақсатында ұйымдастырылды. Мерекелік шараға Қызылорда облысының қорғаныс істері жөніндегі департаментінің басшысы, подполковник Шаңқұлов Жасұлан Бөгенбайұлы, департамент бастығының тәрбие және идеологиялық жұмыстар жөніндегі орынбасары майор Искакова Нейла Нәбиқызы, «Қарулы Күштері ардагерлері» республикалық қоғамдық бірлестігі Қызылорда облыстық филиалының төрағасы, Қарулы Күштерінің құрметті ардагері, Қармақшы ауданының құрметті азаматы отставкадағы подполковник Ршауов Мыңділда Сағидоллаұлы, Таулы Қарабақ қактығыстарының ардагерлері Болатбек Төлегенов, Асылбек Ахметияұлы, Семей ардагерлерінің төрағасы Нұрлан Маденов қатысты. Қызылорда қаласының қорғаныс істері жөніндегі баскармасының бастығы полковник Манапов Ерлан Қалмаханұлы ардагерлерімізді мерекемен құттықтап, арнайы Алғыс хатпен марапаттады.



Ақгүл БЕРДІБАЕВА,

Қызылорда қаласының қорғаныс істері жөніндегі баскармасының Әскери қызметтің насихаттау, тәрбие және идеологиялық жұмыстар жөніндегі инспекторы

«Кітап – мұхит, білім – теңіз» деген сөздің парқын сөздері ұлағат пен өсиетке толы том-том кітаптың ортасында отырып, жас ұрпаққа жон сілтеп, бағыт беретін кітапханашыларды көргенде ұғасын. Осынау қымбат қазынаны насихаттаудан жалықпайтын жанның жан дүниесі рухани азыққа толы екенін оның көзқарасынан танысың.

РУХАНИЯТ ЖАНАШЫРЫ

Өрине, алтын көмбенің сырын, сипатын тек сол мамандар ғана біліп, саған ауадай қажет дүниені тауып беріп, білім бұлағынан сусындатады. Тау-тау кітаптарды әкеліп, сөздерге орналастыру, оны әр оқырманның жүрек қалауына сай насихаттау, ақын-жазушылардың шығармашылығын елге таныту бір сәт тыным таппайтын ой еңбегі мен дене еңбегін де талап етеді. Сондықтан бұл мамандықты кез келген адам таңдай бермейді. Кітаптар әлемінің құпиясына қызыққандар ғана таңдайды.

Ұлы мұраттарға жетелейтін осынау мамандықты Жаңыл Махамбетова бала күнінен жан-тәнімен жақсы көрді. Сөредегі қаз-қатар тізілген кітап, оның иісі, оның үстіне өзінің көркем әдебиетті сүйетіні бар, бәрі қосылып кітапханашы болсам деген асқақ арманға жетеледі. Анасы да жастайынан қаршадай қызға түрлі ертегі, қызықты әңгімелерді көп оқытып, оның көкірек көзін ашты. Бала күнінде кітапхана хан сарайындай көрі-нетін.

Бала қиялды қанаттандырып, сүйікті мамандығын таңдауға талпындырған отбасындағы ұлағатты тәрбие екенін де Жаңыл апай тебірене жеткізді.

– 1949 жылы 13 маусымда Қызылорда облысы, Қармақшы ауданында Жаңыл апай тебірене жеткізді. 1956-1966 жылдары Қармақшы ауданындағы №105 мектепті тәмамдап, еңбек жолын Қармақшы байланыс бөліміндегі телефоншы қызметінен бастады. 1971 жылы Жалағаш ауданы, Мәдениет ауылына келін болып түсті. Ол кезде жастардың басқосу тойын комсомол тойы деп бүкіл ауыл дәріптеп, кең көлемде атап өтетін. Тойдың керемет өткені сондай біздің үйлену тойымыз жайлы ақын, Социалистік Еңбек Ері Ұзақ Еспанов ағамыз өзінің «Сыр күріші – ел ырысы» кітабында кенінен жазып, керемет суреттеді, – дейді ол.

Әрі қарай өмір жолы ауыл тынысымен сабақтасып, 1971 жылы №2 бөлімшеде жұмысшы, араға 10 жыл салып ауылдағы «Балауса» балабақшасында бала күтушісі болып жұмыс істейді. 1982 жылдан бастап өзі сүйген мамандыққа қол жеткізеді. 1983 жылы ауыл кітапханасының менгерушісі болып еңбек етеді. Еңбегі елеңіп, 1985 жылы «Еңбек озаты» ауыспалы туын алады. Осы салада табан аудармай 22 жыл еселі еңбек етіп, 2007 жылы зейнетке шығады. Зейнетке шыққан соң да алғысқа бөленіп, облыстық ардагерлер кеңесінің Құрмет грамотасымен, аудан, ауыл әкімдерінің Алғыс хатымен марапатталып, бірнеше төсбелгіні өңіріне тақты. Болтайқызы бейнетінің зейнетін көріп, отбасында 4 перзентінен 9 немере сүйіп отырған қазыналы қария. Тұңғыш қызы Айгүл ана жолын қуып Қармақшы ауданы Төретам кентінде кітапхана менгерушісі, екінші қызы Айнуір Қармақшы аудандық мәдениет үйінің бас есепшісі, Нұргүл болса, Қостанай медициналық колледжінің мұғалімі, ұлы Оңдасын педагог-психолог.

Өнегелі әулеттің шырақшысына айналған Жаңыл апай руханият жанашыры кітапханашылық қызметін мақтан тұтады. Себебі кітап тілсіз қазына болса, кітапханашы – баға жетпес құндылықтың насихатшысы.

P.S. Кәсіби мерекеде Жаңыл Махамбетова «Қазақстанның құрметті кітапханашысы» төсбелгісімен марапатталды.

Гайһар АСҚАРҚЫЗЫ

24 ҚАЗАН – КІТАПХАНАШЫЛАРДЫҢ КӘСІБИ МЕРЕКЕСІ



КІТАПТЫ ЕШНӘРСЕ АЛМАСТЫРА АЛМАЙДЫ

Бұл күн – ұлт руханиятына қалтқысыз қызмет етіп жүрген, білім мен ізденістің шамшырағына айналған жандардың мерекесі. Алақандағы телефонға үйіліп, әлеуметтік желіге телмірген заманда адамзатты кітап оқуға үгіттеу оңай емес. Осы орайда, кітапханашылардың ерен еңбегін айтпай кетпеске болмас.

Көзге көрінбес жұмыс болғанымен сан мыңдаған кітаптың атауын жатқа білетін, әр туындының мазмұны мен кейіпкерлерін жатқа айтып беретін жандар бар. Олар – кітапханашылар. Оқырманға тек кітап ұсынушы емес, рухани әлемге жетелер жол сілтеуші дерсің. Кітапханаға келген әр оқырманға қабақ шытпай, күлімдей қарсы алып, кітап оқуға шақырып тұратын бұл мамандық иелерін кездестірудің өзі біз үшін бір ғанибет. Мереке күні қалалық мәдениет және тілдерді дамыту бөліміне қарасты қалалық орталықтандырылған кітапханалар жүйесінің тыныс-тіршілігімен, кітапханашылардың жұмысымен танысып қайттық.

Қазіргі таңда қалалық орталықтандырылған кітапханалар жүйесіне 21 кітапхана қарайды. Оның ішінде 11-і – қалалық, 2-і – балалар, 8-і – ауылдық кітапхана жұмыс істейді. Осы уақыт аралығында барлығы дерлік қала және ауыл тұрғындарына сапалы қызмет көрсетіп келеді. Жыл сайын кітап қоры жаңа туындылармен толықтырылып отырады. Мәселен, биылғы жылдың тоғыз айының қорытындысы бойынша қорда 647 659 кітап болса,



оның ішінде 264 923-і – қазақ тілінде, ал қалғаны – орыс және ағылшын тілдеріндегі еңбектер. Тек биылдың өзінде кітапхана қоры 608 жаңа кітаппен толыққан. Бұл – оқырман сұранысын ескеріп ғана қоймай, жүйелі түрде жұмыс істеп отырған ұжым еңбегінің айғағы.

Уақыт алға жылжыған сайын оқырман талғамы да өзгереді. Бұрын көпшілік классикалық және көркем әдебиетке қызықса, бүгінде жастар мотивациялық және психологиялық бағыттағы кітаптарға қызығады екен. Бұл туралы

Пушкин атындағы орталық кітапхананың менгерушісі Римма Нарекешқызы өз ойымен бөлісті.

– Қазір оқырманның талғамы мүлде басқа. Заман талабына сай психологиялық және мотивациялық кітаптарға сұраныс артты. Әсіресе, жастар Санжар Керімбайдың еңбектерін жиі іздейді. Сондай-ақ шетел жазушыларының қазақ тіліне аударылған шығармалары да жиі оқылады. Яғни қазіргі буын өзін дамытуға бағытталған, әлемдік деңгейдегі еңбектерге қызығушылық танытады. Бұл – бізді қуантады, – дейді ол.

Бүгінгі таңда технология жедел дамып, электронды кітаптар мен онлайн оқу платформалары кенінен қолданысқа енді. Дегенмен, кітапханашылардың пікірінше, кітаптың иісі мен әсерін ешқандай гаджет алмастыра алмайды деседі. Кітапханашы Римма Кенжеева кітап оқудың пайдасы көп екенін айтты.



– Көптеген оқырман әлі де кітапты парактап оқығанды ұнатады. Себебі нағыз әсер мен шабыт сол кезде ғана туады. Кітап оқу есте сақтауға да пайдалы. Керек жерін түртіп қойып, қолына ұстап парактап оқығанға не жетсін, – дейді ол.

Қалалық орталықтандырылған кітапханалар жүйесі жыл сайын түрлі мәдени-танымдық іс-шаралар ұйымдастырып келеді. Биыл «KitapTime – 2025» республикалық IV кітап фестивалі өтті. Бұл іс-шара аясында қала тұрғындарына арналған кітап



көрмелері оқырман назарына ұсынылып, кенінен насихатталды. Сонымен қатар кітапханалар мен мектептер арасында тығыз байланыс бар. Атап айтсақ, №197, №253, Т. Жүргенов атындағы №136 орта мектептегі, №11 мектеп-лицейі, сондай-ақ Смағұл Ысқаков атындағы құрылыс және бизнес колледжі, Сейхун колледжі және Абылай хан атындағы жоғары колледжімен бірлесіп әдеби кездесулер өткізіледі. Бұл жұмыстардың барлығы – жастарды кітапқа, оқуға, ізденуге баулу мақсатында жасалып жатқан игі бастамалар. Оқырманмен де байланыс үзілмейді.


– Біздің тұрақты оқырмандарымыздың арасында 30 жылдан бері кітапханамен байланысын үзбеген жандар бар. Олар көбіне көркем әдебиетті сүйіп оқиды. Тіпті жасы сексеннен аса да аптасына екі рет келіп, кітап оқуды әдетке айналдырған. Ал ең жас оқырманымыз – 7 жаста. Балалар көбіне ертегілер мен өлең-жырларды қызыға оқиды. Аптасына бірнеше рет келетін бүлдіршіндер де бар, – дейді кітапханашы Римма апай.

Кітапханашылар жаңа технологияны тиімді пайдалануда. Мәселен, жасанды интеллект те кітап оқуды насихаттауда екен.

– Қазір жасанды интеллект дәуірі. Біз де соның мүмкіндіктерін пайдаланып, жастардың қызығушылығын арттыруға тырысамыз. Мәселен, кітапханаға келушілерге ақын-жазушыларымыздың бейнелерін жасанды интеллект арқылы сөйлетіп көрсетеміз. Бұл тәсіл жас буынды кітапханаға қызықтырады. Соның ішінде қазақ әдебиетін насихаттаудың жаңа жолы, – дейді Римма Нарекешқызы.

Иә, кітапханашы болу – жай ғана жұмыс емес, үлкен жауапкершілік пен рухани миссияны арқалаған мамандық. Олар – кітап пен оқырман арасындағы алтын көпір. Әр оқырманның талғамын деп басып, кітап оқуға қызықтыра білу өнер десек, артық айтқандық емес. Кітапхана – руханияттың ордасы, парасаттың мекені. Уақыт қанша өзгерсе де, адамзаттың білімге деген құштарлығын ешкім жоя алмасы анық.

Айдана
БАХТИЯР



Меншік иесі:

СЫР МЕДИА

жауапкершілігі
шектелуі серіктестігі

Бас директор
Марат АРАЛБАЕВ

Қызылорда қалалық «Ақмешіт
апталығы» газетінің редакциясы

Бас редактор
Гүлмира ДІЛДӨБЕКОВА

Телефондар:

Бас директор - 40-11-10, 70-11-36 (факс)

Бас редактор - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1009)

Қабылдау бөлмесі - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1023)

Бас редактордың орынбасары - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1022)

Жауапты хатшы, бөлімдер - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1013, 1018, 1021)

Газеттің негізін қалаған Әділхан БӨЙМЕН

Мекен-жайымыз: 120008, Қызылорда қаласы, Бейбарыс сұлтан көшесі, 4А. Т. Жүргенов атындағы шығармашылық үйі.

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Ақпарат комитетінде 2019 жылдың 16 сәуірінде қайта тіркелген. Тіркеу куәлігі №17657-І.

«Ақмешіт апталығы» қалалық газеті КР СТ ISO 9001:2016 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес КЗ. 4310318.07.03.01178 нөмірімен сертифицирталған.

Аптасына 2 рет, сейсенбі, сенбі күндері шығады.

Жарияланған материалдардағы пікірлер редакция қозғарысымен сәйкес келе бермейтіндігі, деректер мен мәзімдердің нақтылығына автордың, хабарландыру иесінің жауапты екендігі ескертіледі. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.



Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «АШ» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел: 8(7242) 40-06-68

Газеттің таралымы бойынша 70-14-08 телефонына хабарласуға болады.

Қызылорда қаласы, Бейбарыс сұлтан көшесі 4 А.

Таралымы 3978 Таспырыс №1816

Нөмірдің кезекші редакторы Гайһар ҚОЖАХМЕТОВА